ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 16 ақпан № 5265-26-00-2/313 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.М.Дербисова оңайлатылған тәртіппен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Шымкент қаласының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«АлГарСтрой Проект» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 117, 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып,**сот**

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

«Шымкент қаласының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «АлГарСтрой Проект» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«АлГарСтрой Проект» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«АлГарСтрой Проект» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттік баж 2163 (екі мың бір жүз алпыс үш) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шымкент қаласының құрылыс басқармасы\ААулашева З. С.
Құжатқа қол қойылған: Дербисова А. М., 16.02.2026
Заңды күшіне енген күні: 27.03.2026, судья Дербисова А. М., 29.03.2026
5265-26-3-1/253

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхатты келтіруге ерікті.

Судья Дербисова А.М.

Шымкент қаласының құрылыс басқармасы\ААулашова З. С.

Құжатқа қол қойылған: Дербисова А. М., 16.02.2026

Заңды күшіне енген күні: 27.03.2026, судья Дербисова А. М., 29.03.2026

5265-26-3-1/253